



**«1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы  
саяси құғын-сүргін» атты Республикалық  
ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



Түркістан, 7 желтоқсан 2022 жыл

**«1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы саяси  
қуғын-сүргін» атты Республикалық  
ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Түркістан, 7 желтоқсан 2022 жыл**

**«1920-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚҰГЫН-СҮРГІН» атты республикалық  
ғылыми-практикалық конференция**

УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5ҚА3)  
Б94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Х.М. Тұрсұн, Д.Т. Кенжетаев, Л.Динашева, С. Оразбай, М. Төлегенов

**«1920-1950 жылдардагы Қазакстандағы саяси құгын-сүргін» тақырыбына арналған  
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция» (Республикалық ғылыми-тәжірибелік  
конференция материалдары. 7 желтоқсан 2022 жыл). – Түркістан, ЖК «Мырза» баспасы,  
2022. - 198 бет**

Жинақта өткен ғасырдың 1920-1950 жж. Қазакстандағы саяси құгын-сүргіннің себептерін, барысын, бағыттарын архивтердегі құжаттар мен археологиялық, тарихи т.б. деректер негізінде зерттеп жүрген тарихшы, өлкетанушы, теолог ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың макалалары енгізілген. Негізінен Саяси құгын-сүргін құрбандарын толық актау бойынша Түркістан өнірлік комиссиясының жоспарының орындалу деңгейін көрсететін есептік сипаттағы бұл жинақта бұрын-сонды жарыққа шықлаған тың мәліметтер топтастырылған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті мен Түркістан облыстық әкімдігі қоғамдық даму баскармасы ұйымдастырған кезекті конференцияда құгын-сүргінге ұшыраған діни тұлғалар, Қазақстанға жер ауып келген ұлт әкілдері тағдыры, Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси өмірде алғын орны, Түркістан өніріндегі Кенес өкіметінің дінге карсы саясаты көнінен талданып, жинақтан да орын алды.

ISBN 978-601-339-216-5



9 786013 392165



5. ТОҚСТМА қор. 2. Бума 1. іс 1. 57 бет.
6. ТОҚСТМА қор. 2. Бума 1. іс 1. 59 бет.
7. ТОҚСТМА қор. 2. Бума 1. іс 1. 59-62 беттер.
8. ТОҚСТМА қор. 2. Бума 1. іс 1. 70-75 беттер.
9. ҚР. ҰҚҚ мұрагаты 8443 к. 692 п.

## КЕҢЕС ӨКІМЕТИНІҢ ТҮРКІСТАН ӨҢГІРІНДЕГІ ЖҮРГІЗГЕН ДІНГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ «ҚЫЛУЕТТИҢ» ЖАБЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

*Сержан Оразбай, Түркістан облысы саяси құгын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша өңірлік комиссия жұмысшы тобының мүшесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ доценті, ага оқытушы.*

Өткен ғасырдың 1920-1950 жылдарындағы Кеңес өкіметінің дінге қарсы саясаты Қазақстанның әр аймағында бірнеше бағытта жүзеге асты. Бұл қозғалыстың қоғамдық өмірдегі көрінісі дін өкілдері мен діндарлардың қызметіне толық тыым салуды көздейтін іс-әрекеттен байқалады. Дін қызметкерлеріне қарсы ымырасыз күрестің сипатын төмендегідей бірнеше салаға жіктел көрсетуге болады: 1. Дін өкілдері, ахун, ишан, молда, мұдэррістерді жазалау, құгын-сүргінге ұшырату; 2. Діни ғимараттарды, мешіттерді, медресе, зәуия, текке, қылует т.б. исламдық маңызы бар орындарды жаппай жабу, материалдарын басқа мақсаттарға пайдалану үшін бұзып алу; 3. Діни әдебиеттерді, кітаптар мен қолжазбаларды, оқулықтарды тәркілеп алғып кету немесе көптің алдында өртеу; 4. Діни рәсім-жоралғылардың, мереке мен мейрамдардың, дәстүр мен салттардың орындалуына жол бермеу, бұл үшін арнайы бақылаушылар тобын жасақтау т.б.

Тарихи тұрғыдан зерделеген кезде Қазақстан топырағында мың жылдан аса уақыт бойы өмір сүріп келіп, халықтың дүниетанымына, сана-сезіміне, ұлттық менталитетіне, дәстүріне, ойлау жүйесіне терең із қалдырған дін Ислам екендігі айқын танылады. Әсіреле түркі жұрттының ұлы тұлғасы Қожа Ахмет Ясауи өзінің сопылық ілімін жайған кезден бері Ислам осында тіршілік ететін ұлыстардың өмір салтына айналып кетті. Діннің әлеуметтік, мәдени, рухани құбылыс ретінде халықтың тұрмысымен біте қайнасу үрдісі бірқатар күрделі сатылардан өтті. «Исламдану үрдісінің ортағасырлық Қазақстанда сонау VIII ғасырдан бастау алғып, X-XII ғасырларда шарықтау кезінен өткені (Қарахандар дәуірі), одан кейін екінші діни-мәдени өрлеу Алтын Орда кезінде Қазақстанның далалық аймақтарында толық және біржолата ислам ұstemдік құрып, осы негіздер болашақта сақталып отырғаны себебінен Қазақ Хандығы толыққанды мұсылман мемлекеті ретінде дамығанын батыл түрде айтып дәлелдеу керек. XIX-XX ғғ. бас кезінде де

ислам діні Қазақстанда жалпы бірқалыпты деңгейде болды, маңызды қоғамдық рөл атқарды, тек саяси жағдайларға және Еуропа өркениетінің келе бастауына байланысты оның мазмұны мен қоғамдық өмірде көрініс беру формаларына белгілі өзгерістер енді» [1, 68]. Бұндай өзгерістер дін тараған барлық аймақта тән екендігін ескере отырып, Қазақстанда таралған Исламның негізгі өзегінен ауытқымағанын, басты ұстын ретінде адамның ішкі жан дүниесін көркейтетін қырына басымдық бергенін баса айткан жән. Мұндай игі мақсат үшін діни білім беруді мақсат еткен көптеген діни гибадат орындары, әсіресе қылует, текке, зәуиялардың салынғаны, олардың түгел дерлік XX ғасырдың ортасына дейін қызмет етіп келгендігі ақыкат. Айта кетерлік маңызды жайт, Қазақстанның онтүстік аймақтарында, әсірес Туркістан өңірінде дін ілімін жетік менгерген ғұлама, ишан, ахун, молдалар тізбегі өте берік негізде қалыптасып, дәстүрлі жолға айналған болатын. Түркістандағы, Қарнак, Шаян елдімекендеріндегі және көршілес Өзбекстанның Бұхара қаласында орналасқан, сопылық сипатта білім беретін медреселер Орта Азиядағы ең үлкен мұсылмандық оку орындары болып танылды.

Өлкеге Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, яғни 1920 жылдардың сонынан бастап большевиктер мұсылман халықтары арасында бақылауды күшті, олар исламға қатаң саясат жүргізе бастады, соның ішінде мешіттердің жабылуы, әдебиеттерді тәркілеу және т.б. жүзеге асты. Түркістанның ұлттық-азаттық күштерінің исламдық және түріктік қозғалысы бел алады деп есептеген кеңес үкіметі мұсылманшылыққа қарсы күреске білек сыбана кірісті. 1928 жылдан бастап СССР-да сталиндік биліктің сипатына сәйкес түрде дінге қарсы белсенді және кең ауқымды күрес басталды. РСФСР ВЦИК және СНК 1929 жылғы 8 сәуірдегі «Діни ұйымдар туралы» қаулысы, іс жүзінде, биліктің шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы ұстанымынан бастартқанын білдіреді. Қазақстанда дінге қарсы саясат Голощекиннің қазақ ауылдарын кеңестендіру жоспарының маңызды идеологиялық тұғыры болды. Ислам дінін жоюға бағытталған әрекеттер жаппай колхоздастыру шараларымен, молдалардың, дін өкілдерінің сенімді көмекшісі болып саналған «буржуазиялық ұлтшылдармен», байлармен таптық күреспен тызыз байланысты өрбіді. Жауыққан атеизм саясаты 30-жылдары өзінің шырқау шегіне жетті.

1928 жылы ВЦИК-тің діни орындарды Кеңестік мәдени-агартушы мекемелеріне беру туралы қаулысы шықты. Заң негізінде «босап қалған» мешіттер мен шіркеулерді ерікті түрде беруді немесе қолдануды қарастырғанымен, шын мәнінде, жаппай қырып-жою әрекеті басталды. Билік Мешіттер, медреселер, шіркеулер монастырьлар әкімшілік тәртіpte, бұқараның «талабымен» жабылып жатқандай сыңай танытты. Бұдан бөлек, әртүрлі «зандық» негіздер орын алды: ғимаратты шаруашылықтан тыс мақсатта пайдаланғаны үшін, діни мұліктерді ұрлағаны үшін т.б.

Мешіт, медресе ғимараттары тек кинотеатрлар мен клубтарға беріліп қана қойған жоқ, сонымен қатар оларға радиоторантар орналастыра бастады,

сонымен қатар қоймаларға, асханаларға, ат қораларына да айналдырды. Кей жерлерде құлшылық үйлері қиратылды; діндарларды жәбірлеу орын алды, имамдар мен молдаларға қинап арақ ішкізуге, темекі шектіруге тырысқан жағдайлар болды. Әулиелердің, белгілі діни тұлғалардың мазарлары, кесенелері жермен-жексен етілді, құнды бұйымдар колды етілді. Мәліметтерге қарағанда, 1929 жылдан 1933 жылға дейін Қазақстанда 198-ден астам мешіттер мен шіркеулер жабылған [2, 14].

Профессор Б.Бабажанов сол кезде зияратқа тыйым салатын бірнеше пәтуаның жарық көргенін айтады. Оларды мешіттерде жұма намазында уағызыдау міндепті саналған. Тіпті сол пәтуалар 1947 жылы «Совет шарк мусулмонлори» журналына жарияланады. 1947 жылдан бастап САДУМ-ға қарамайтын зиярат орындарын жабу, жойып қирату жөнінде тапсырмалар туседі. Жергілікті әкімшілік оны жаппаған жағдайда прокуратураны іске қосатын. Тапсырманы орындаған басшыларды қызметтен босатып, үстінен іс қозғады. Бұл 1937 жылғы репрессияның жалғасы сияқты көрінді. Жергілікті басшылықтың қорыққаны сонша: халық зияраттауы мүмкін деген кішігірім мазарлардың бәрін қиратты. 1947 жылдың өзінде аумағы шағын Түркіменстанда 388 әулиенің мазары жойылды. Қазақстанда да мазар қирату, мешіттерді бұзу немесе басқа мақсатқа пайдалану кампаниясы қарқынды жүрген [3, 323].

Бұл саясат Түркістан өнірінде өте қарқынды сипат алды. Мұндағасырлар бойы қалыптасқан діни рәсім-жоралғыларды жою мақсатында «Жауыққан құдайсыздар үйімы» жұмысын бастады, жер-жерлерде «Қызыл отаулар» құрылды. Архивтерде сакталған құжаттарда 1928 жылы 5 мамырда әйелдердің «Қызыл отауы» жайлы ақпараттар берілген, сондай-ақ парижамен күрес барысы мен «Халықаралық қалынмалды тоқтату күнін» мерекелеуге дайындық шаралары баяндалған. Осыған қатысты баяндағаның бұрыштамасында «Көшпелі «Қызыл отаулардың» ауылдағы мәдени-ағартушылық жұмыстардың жалғыз орталығы» екендігі айтылып, партияның бұл бағыттағы жұмысының күткен үмітті ақтағанын тілге тиек етеді. [4]. Сонымен қатар Кеңес билігінің діни мерекелерге қарсы күресі де тоқтаусыз жүргізіліп отырғанын архив құжаттары айғақтайды. Мәселен, СССР Министрлер Кеңесі жаңындағы діни культтер ісі бойынша Кеңес төрағасы Полянскийе, СССР Министрлер Кеңесі жаңындағы діни культтер ісі бойынша Кеңестің Қазақстан бойынша өкілеттісі Сабитовке жіберілген баяндауда Онтүстік Қазақстан өніріндегі «Құрбан айт» мейрамының өту барысы сипатталған.

«Түркістан ауданында Құрбан айт мерекесі өтті. Мереке күні Түркістан қаласының бір мешітіне 6000 адам айт намазын оку үшін жиналды. Мешітте адамдардан ақша жиналып, ол шамамен 35 мың рубль болды. Мұндай мейрам Сайрам ауданында да өтті» деп көрсетілген [5]. Түркістан қаласында діндарлар негізінен «Қылует» мешітінде жиналатыны айтылған.

Мешіт өзінің атауын Түркістандағы маңызды рухани тәлім-тәрбие мекеніне баланатын «Қылуеттен» алады. Кеңес әкіметі орнамай тұрғанда

Кожа Ахмет Ясауи кесенесінің манында адамдар жылына еki мәрте қырық күн бойы онашаланатын жер асты орындары, яғни қылууегер жұмыс істеп тұрған. Ел аузындағы әңгімелерге қараганда, мұнда 50 000 – 60 000 адамға дейін шілханнага түсіп, қырық күн бойы рухани ілім үйреніп, жүректі, көңілді кірден тазалап шығатын болған екен. Қылуу сопылық ішімде Улкен маньзыга ие. Фальмадардың «айтуынша «қылууегер» сезі арабша «халуатун» яғни жекелену, онашалану деген мағынадан шығып, Жаратушыға дүниеден белек, онаша отырып құлышылықтың біріне жататын «зікір» ғибадаты орындалатын болған. Кожа Ахмет Ясауи пайғамбар жасы 63-ке толғанда қылууегер арнағы салдырып, қалған емірін осы жерде еткізгендегі зерттеушілердің енбектеріндегі кездеседі. Оның осы дағдысы кейиннен Улкен дастурғе айналып, езінці бойындағы жат мінезімен күрестікі келген адам онашаланып, нағісімен күресуді жөн санаған.

«Ислам. Энциклопедический словарь» атты кітапта «Қылууегер» ұғымы XI ғасырдан бастал түркі халықтары арасында пайда болып, XIV ғасыра дейін Таяу шығыс пен бүкіл мұсылман әлемінен тарағаны туралы «Халаватия (түрік. Халаветия) - XIV ғасырдың соңында Иранның солтустік-батысында пайда болған сопылық бауырластық. Бауырластық алғашқыда түрк халықтарының арасында пайда болып, ортаазиялық түркілік мистикалық мектебінің кейбір идеяларын (Ахмад ал-Ясави) кабылдаган және маламаттая және календарийә дәстүрлерінің ықпалына қатты үшыраған»- деген анықтама береді [6, 5].

Жер асты мешіті Сайрам мешітің құрылышында, Манғыстау өніріндегі Шопан ата мешіті, Бекет ата мешіті, Шакпак ата мешіті, Сұлтан үлі жерасты мешіті, Қараман ата жерасты мешіті, Жоласқан жерасты мешіті, Ишан кожа ата жерасты мешіті, Бұхарадағы Бахауитдин құрылыш кешенінде, Пскент ауданындағы «Янтак» селосында, Самарқандагы Шахи-Зинда құрылышында, Ташкенттегі Зайнуттин – баба мавзолейіндегі, және Құсам инб-Аббас мавзолейіндегі кездеседі. Сондай-ақ, Меулана Сафи ад-дин Орын Койлакының «Насабнамасында» мұндағай мешіттер Отырарда және Сырдың батыс бетіндегі Зернұқ (Үәсідис) каласында да болғандығы жазылады.

«Улкен қылууегер» жерасты мешітіне археологиялық зерттеу жұмыстары 1940 жылы архитектор А.Л.Шмидт жасаған макеттен басталған деуге негіз бар. «Қылууегер» жерасты мешітінен жүргізілген археологиялық зерттеулер осы макеттің негізге алады. Е.Смагұлов, Ф.Григорьев, А.Итеновтердің «Очерки по истории и археологии средновекового Туркестана» атты еңбегіндегі «1940 жылы Улкен қылууегер тін интеръерінің макетін жасады. Оны XX ғасырдың 1 папье-машеден Қылууегер тін интеръерінің макетін жасады. Оны XX ғасырдың 1 жартысындағы Қылууегер тін көлбетін анықтау үшін колдануға болады», деген пікір білдіреді [7, 138]. Қылууегер тін бұзылу себебі жергілікті билік өкілдері оның кіріштерін май зауытын салтуға колданған.

«Қылууегер» жерасты мешітінің 1940 жылдарға дейін жұмыс істеп тұрғаны туралы көнекөз қариялардың аузында деректері дәлел болса,

белгілі орыс ориенталисті В.А.Гордлевский өзінін «Концепции еденишіден, Туркестанского святыни» атты еңбегіндеге «Улкен Қылует» тарихи мешіті туралы: «XX ғасырдың бірінші жартысына дейін Кожа жерасты жасаудін жолын ұстанушылар онын күлшілік еткен орнына мындағ Ахмет Ясаудын болған», - деген мәлімет береді [7, 136]. Амьрма мынга дейін өкіметі орнағаннан кейін көп ұзамай адамдардың (жыныста өлкеде) тусуіне тыйым салынған жайлар архивте сакталған күжаттарда күлгүлеке түсініштегі түргындардың, дін өкілдерінің күзырлы арналықтауы күттегі жаңы ашуды сұраған өтініш хаттар кездеседі. Маселен, органдарға қылуттегі кайта ашуды қарастырып, мемлекеттік архивінде 1929 жылдың 8 қантарда Туркістан Калалық кенесі төрағасы сакталған күлгүлеке екі бірдей өтініш хат талқыланады. Бул өтініште жыл Ахметовке «Қылуетке» тусудың уақыты келгені айтылып, бұрын бұл рәсімге салынғы «Эрзіздер» деп аталатын қожалар екені көлтіріледі. иелік етп көлгендердін «Эрзіздер» деп аталатын қожалар екені көлтіріледі. Бірақ бұл жылы олар бұл іске араласпайды делінген. Соған карамастан, жергілікті түргындардың өтініші канагаттандырылмаған. Осынан карап, 1929 жылға дейін «Қылуетке» тусу дәстүріне толықтай тыйым салынған деп айтуда болғанымен, ел арасында жасырынып шілтіханаға түсептіндердің болғанын жокқа шыгаруға келмейді. Бір айта кетерлігі, осы күжатта Кожа Ахмет Ясауди мен қожалар туралы мынадай қызықты мәліметтер көлтіріледі:

«При дальнейшем расследовании вопроса оказалось следующее: «Хазрет-Султан-Ясовия» погребенный в посвященной ему мечети «Хазрет-Султан», имел троих сыновей: Накипа, Азизляра и Шейх-Ислама, от которых произошло потомство ходжей, состоящее из 3-х родов: «Накип», включаяющего в себя около 80 хозяйств, «Азизляр» - около 70 хозяйств и «Шейх-Ислам» около 120 хозяйств и пользующиеся правами владельца мечети-могилы своего Предка. Во главе каждой из родовых групп находится несколько наиболее зажиточных и наиболее развитых людей, которые держат в своих руках всю общественность родовых групп и распоряжаются природными экономическими богатствами наследственных группами участков района. Эти наиболее выдающиеся представители ходжей являются наиболее заинтересованными в устройстве ежегодного моления паломников в мечети «Хазрет-Султан», дающего ни большую сумму дохода в виде пожертвований и выступают в качестве организаторов и руководителей моления «Хильват» [8].

Архив материалдарына назар аударатын болсада, тек Оңтүстік өнірлерде 1047 мешіттің мүлкітері тәркіледі, оның 51-і мектептер мен клубтар пайдасына, ал 838-і экономикалық қажеттіліктерге жумсалды [9]. Оның шінде, Ислам дінін органыны, өзегі болған, мын жылдан астам уақыт бойы отырықшы және қөшпелі халықтардың рухани мұқтаждығын тұластай етеп келген Түркістандағы діни білім беру және күлшілік орындарының орасан зор зардал шеккені айқын. Сондықтан архивте жинақталған осы мәселеге жағында өкіметтердің барлығы да түбірлеп тексеруді жағет етеді. Кенес өкіметі орнағанға дейін Казакстанда канша діни орындар, мешіттер мен

Медреселер, кылууеттер, жерасты мешіттер болды, осылар түгел айқындашты, арнаны зерттеу жүргізілгенде гана Тарихи шындыкка кол жеткізуге мүмкіндік туады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрғазина Н. Қазак мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). - Алматы, 2002.
2. Нұрғазина Н. Борьба с Исламом: религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. - Алматы: Қазак университеті, 2008.
3. Керімбай С., Телеген М., Нәби Ә., Тараболат А. Яссави феномені. З. басылым. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2021.
4. ТОҚСТМА.Ф.26.Оп.1.Д.812.Л.16-17
5. ТОМА.Ф.1353.Оп.2.Д.2.Л.2-3
6. Тұяқбаев М. Қылут. – Туркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени корық-мұражайы, 2009.
7. Е.Смагулов, Ф.Григорьев, А.Итенов. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. - Алматы: «Ғылым», 1999.
8. ТОҚСТМА.Ф.29.Оп.1.Д.429.Л.65-69
9. ҚР ОММ, 119-кор, 1-тізбе, 246-ic, 15-16-парактар.

### АЛЛАҢУ ҚӨТЕРІЛСІ

Сайфунов Бауыржан Насырдинұлы, РНД, аға оқытушы, Қоғза Ахмет Яссави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

#### *Түйіндеме*

Аллану қөтерілсі – 1928-1930 жылдар аралығында бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Туркістан облысы) Созак өнірінде Совет<sup>2</sup> Өкіметінің Қазак халқына максатты турде әдей жүргізген саяси-экономикалық қызымына карсылық ретінде кіші жүздің Тама руының казактары бастаған, Қызылдар режиміне карсы болған халық көтерілсі. Көтерілске шықкан топтың «Аллану, Аллану» дег үрандатып Совет өкіметіне карсы бас көтеруі себепті, сол кездегі қарапайым халық тарапынан

<sup>2</sup> «Совет өкіметі» немесе «Совет Одағы» түркесін тауелсіздік жылдарындағы әдебиеттерде «Кенес өкіметі» немесе «Кенес Одағы» дег берілгенін көрсіз. Айда біз ез жазбамызда бұл терминді қазакшалап, ол есke өкімет пен олакта «Кенес Одағы» деген кастерлі сөзді беруді кимаймыз. Себебі, халқымыздын «Кенес» деген кастерлім сөзинің астарында қарапайым халықтың көмейтін «әдісілк, тендік, ар наам үздін» сынды кастерлі ұтам жатыр. Біз тіптегі текті отырған кенесудегі макасат Сол себепті әрбір істе жақсылықка бастайдын ұтам.

<sup>3</sup> Қараныз. Письмо врача Сузакской райбольницы А. Догановского о своих впечатлениях во время восстания басмачей в Сузаке, Russian Perspectives on Islam, accessed December 20, 2022, <https://islamperspectives.org/ru/items/show/12567>

## МАЗМУНЫ

Темірбекова Ж.А. Алғысөз.....	3
Усербаев А.Ж. Алғысөз.....	4
<b>Баяндамалар</b>	
Кенжетай Д.Т. 1920-1953 жылдар аралығындағы Қазақстандағы дін саясаты.....	5
Тұрсын Х.М., Қабыл А Серікүл Алдабергенов – Тәжікстанға ауа көшкен елдің көшбасшысы.....	27
Пириева С.К. Қайтпас елді мекеніндеңі ахысқалық түріктердің тарихынан.....	40
Шардарбекова Г.С. Шаян оқигасы – халық наразылығынан туындаған толқу.....	53
Тасыбекова К.К. Ақтандактар	акталуы
тиіс.....	62
Нұржанова А.Қ. Азалы жылдар азабы (Саяси құгын-сүргін құрбаны Кулетов Қазмұхамед Кәрібайұлы жайлы).....	65
Тукенова Р.С., Сейтимбетова Д.Е. Чтение в библиотеках переводной художественной, исторической, познавательной литературы депортированных турков Ахыска.....	68
Хазреталіқызы Р. Алаш қозғалысының онтүстік қанаты тарихының деректері Туркістан облысы полиция департаменті архивінің құжаттарында.....	79
Исаев М.С. Нәзір Төреқұловқа қатысты табылған жаңа тарихи құжаттар.....	86
Сүлеймен Ф.С. Сырдария аймағының, Бостандық ауданындағы қанды бұлғақ.....	100
Оразбай С.Қ. Кеңес өкіметінің Туркістан өніріндегі жүргізген дінге қарсы саясаты және «Қылуеттің» жабылуына қатысты деректер.....	103
Сайфунов Б.Н. Аллаһу көтерілісі.....	108
Төлегенов М.Ж. Құгын-сүргінге ұшыраған ахун, жыраулар тағдыры және шығармалары.....	118
Исахран М., Сатыбалдиева А. Кеңес үкіметіне қарсы 1930 жылдары орын алған көтерілістердің діни сипаттары.....	125
Бейсенов А.С. Қазақ зиялышарының Ресей ықпалына қарсы курсі.....	129
Мұсабаев Қ. Марфо-Мария қайырымдылық орталығы әпкелерінің Туркістандағы өмірі.....	139
Мұсабаев Қ. Жәудір мешіт-медресесі орнында жүргізілген археологиялық зерттеу.....	157
Мұсабаев Қ. Баб Араб кесенесі мен мешітінде жүргізілген археологиялық зерттеу.....	166
Сералханұлы Қ. Ортағасырлық Сури қаласының орнын анықтау.....	171
Бисенғалиев Д. Шәкәрім Құдайбердіұлының қазасына қатысты деректер.....	185
Сазанова Д.Б. Қазақ діни танымындағы Матуруди сенімінің қазақ зиялышарының қалам туындыларында үндесуі.....	190